«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Сағындықова Л.Қ.

«___» _____ 2024 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ № 2 ХАТТАМАСЫ

25 маусым 2023 ж.

Кеңес төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы
- **Б.Ж Тайшеев** –Алматы музейінің жетекшісі
- **Л.Ұ. Абекова** - қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі
- **Н.П.Чулакова** –тарихи-мұра бөлімінің жетекшісі
- **М.М.Нұрпеисов** – аға ғылыми қызметкер

Кеңес хатшысы: **Э.К. Онайбекова** – қор сақтаушы

Қатыспаған: реставратор **Н.Ж.Бектұрсынов** еңбекке уақытша жарамсыз болуына байланысты.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған заттарды саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытынды мен арнайы компаниялар ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І. ТЫҢДАЛДЫ.

Л.Ұ. Абекова - Комиссия мүшелерінің назарына ақылы негізде ұсынылып отырған сирек кездесетін, құнды домбыра. Тапсырып отырған ЖК «LIGHT-LUX» жетекшісі Ершілік Нұрбек Махсұтұлының айтуы бойынша – Қытай Халық республикасы, Іле Қазақ автономиялық облысы, Тоғызтарау ауданы, Ілгідай қыстағының тумасы Шаймұрат Әнапияның XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жасалған домбырасы. Домбыра әкесінен мұра ретінде қалған. Музыкалық аспапүшін иесінің сұрап отырған бағасы **900 000** (тоғыз жүз мың) теңгені құрайды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Домбыра - қазақ халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы екенін бәріміз білеміз. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Домбыра - сан ғасырлардан бері сырын сақтаған, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Дегенмен домбыра әр аймақта әр түрлі болып келеді. Солтүстік, орталық, оңтүстік аймақтарда домбыра көлемі шағын, жеті-тоғыз пернелі болса, Батыс Қазақстан аумағында кездесетін домбыра шанағы жұмыр, мойны ұзын, он екі, он төрт пернелі болып келеді. Ал біздің назарымызға ұсынылып отырған домбыраның түрі ерекше екен, байқадыңыздар ма?

Б.Ж. Тайшеев: Әрине, байқап отырмыз. Домбыра екі ішекті шертпелі аспап, сопақша пішінді екен, көлемі шағын. Екі құлақты, тиекті, 9 пернелі. Бүтін ағаштан жасалмаған, бет тақтайын басқа ағаштан жасалған секілді. Домбыра құнды, бірегей. Иесінің сұрап отырған бағасы орынды деп айта аламын.

Н.П.Чулакова: Менің пайымдауымша домбыраға жүз жыл шамасы секілді, әрине ескілігімен құнды, қазіргі таңда осындай пішінде домбыралар жоқтың қасы. Бет тақтайы мен артқы тақтайы екі жанынан қосымша тілік ағашы арқылы шегеленіп жасалған. Домбыраның құлағы дөңгелек, үшбұрыштармен әшекейленген. Құлағы теріс салынған. Ерекше жасалған. Сақталуы да жақсы, реставрацияны қажет етпейді деген ойдамын. Әрине музей қорын толықтырары сөзсіз, алу керек. Бағасы тиімді, шамасы.

Н.Ж.Бектұрсынов: Домбыраның ескі және ұзақ ұсталынғаны анық көрініп тұр. Беті, жақтауларына қолдың табы түсіп, үйкелгені анық. Тек экспозиция мен көрмелерде сүртіп, шаңнан тазартып тұрса болғаны.

М.М.Нұрпеисов: Менің пікірім әріптестеріммен бірдей, Алматы музейінде қазақ этнографиясына байланысты көрме, экспозиция құрса да немесе Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне қойсақ осындай құнды домбыра бізге қажет. Бағасына келісемін, орынды.

Р.О. Турсумбекова: Домбыраның пішіні мен түскен пернелеріне қарап, Шығыс Қазақстан аймағына тән екендігін көре аламыз. Ата-бабалары еліміздің шығысынан қоныс аударғаны белгілі. Музей қорында аталған домбырадай үлгі жоқ. Алуымызға тіптен болады.

Л.Ұ.Абекогва: Қазақ халқының этнографиясы мен тарихын, музыкалық мәдениетін білуде ұсынылып отырған музейлік мәні бар домбыраның тарихи, музейлік құндылығы жоғары деп санаймын. Әріптестерімнің пікірімен және ұсынылып отырған заттың бағасымен келісемін.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған домбыраны 900 000 (тоғыз жүз мың) теңгеге сатып алуға келісті.

Барлығы: 1 атаулы бұйым (1 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **900 000 (тоғыз жүз мың) теңгені** құрайды.

II. ТЫҢДАЛДЫ.

Р.О. Турсумбекова: Ақылы негізінде «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған зат – қамшы. Қамшы ЖК «Qamshybrand» жасалған. Салмағы 1 кг. Қамшының сабы күмістеліп, алтын жалатылып, қазақтың ою-өрнектерімен безендірілген. Өрімі теріден өріліп, бүлдіргісі малахит тастармен жасалған тасбих. Иесінің сұрап-отырған бағасы **500 000** (бес жүз мың) теңге.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Қамшы — қазақ халқының байырғы кездегі шаруашылық, мәдени өмірінде аса кең тараған, көлікті айдап жүргізу үшін қолданылатын, таспадан әртүрлі нұсқада түйіп, тобылғы немесе басқа затқа саптап жасаған ежелгі ат айдауыш құралдардың

бірі, ер-тұрманның бір құрамы болып саналады. Алматы музейінің қорында әр түрлі қамшылар сақталғандығын, бәріміз білеміз. Бірақ олардың барлығы құнды, ескі, қазақи етіп жасалған. Бізге ұсынылып отырған қамшы жаңаша стильде кәдесый ретінде жасалғандықтан музейлік мәні жоқ деген ойдамын.

Л.Ұ. Абекова: Баға жетпес ұлттық құндылығымыздың бірі – қамшы. Бұл бүгінде әр қазақтың шаңырағына сән беретін ұлттық бұйым. Ол бірегей өнер туындысы ғана емес, сый-сыяпаттың төресі, ер жігіттің серігі, шаңырақтың киесі саналған. Ұсынылып отырған қамшы өте тамаша жасалған. Заманауи түрде кәдесый ретінде жасалғандықтан, көрмелер мен экспозицияға шығара алмайтындықтан қамшыны иесіне қайтару керек.

Б.Ж Тайшеев: Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрінде қамшының алатын орны ерекше болғандығы елдің барлығына мәлім. Музей қорында сақталатын бұйымдар құнды, мәдени-тарихи маңызды болу қажет. Жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірімен келісе отырып, ұсынылған қамшыны музей қорына ала алмайтынымызды айтқым келеді.

Н.П.Чулакова: Әрине қамшы өте керемет жасалған, қазақы өрнектерімен, бірақ музей қорына алуға келмейді деген пікірдемін.

Р.О. Турсумбекова: Қамшы –қазақ халқының салт пен дәстүрін бойына толық сіңірген атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа ұласып жеткен құнды құралы, тұтыну бұйымы екендігі рас. Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған қамшы да қазіргі заманға сәйкес, әшекейленіп, сабы күмістеліп, алтын жалатылып жасалған екен. Өрімі де жақсы теріден жасалып, қазақы оюға дейін салынған. Қамшы кәдесый ретінде жасалғандықтан, жоғарыда әріптестерім айтып кеткендей көрмелерге, экспозицияға қоя алмайтындықтан иесіне қайтаруды жөн көріп отырмын.

Қор сатып алу комиссия мүшелері бірауыздан ұсынылып отырған қамшының тарихи-мәдени және ғылыми мәні жоқтығын, көрмелер мен экспозицияларға шығара алмайтындығын жеткізді. Қамшының заманауи түрде жасалып, кәдесый екені анықталып, комиссия музей қорына қоспау туралы шешім қабылдады.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 1 атаулы бұйым (1 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттардың иесіне таныстырылсын.
3. Комиссия мүшелерінің шешімімен музейге сатып алынбаған зат –қамшы иесіне қайтарылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 2 хаттама музейлік маңызы бар сомасы **900 000** (тоғыз жүз мың) теңгеге 1 атаулы (1 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова

Б.Ж.Тайшеев

Л.Ұ.Абекова

Н.П.Чулакова

М.М.Нұрпеисов

Хатшы: Э.К. Онайбекова